

Келісілді

«Мұғалжар ауданының
білім бөлімі» ММ

әдістемелік кабинет әдіскері

Г.Қ.Нұрмағанбетова

«_____» _____ 2025ж



«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы»

МҚКК меңгерушісі:

Ж.А. Курманова

2025ж



**«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны
«Аққоян» ересек тобы**

**2025-2026 оқу жылына арналған вариативтік компонент:
«Құм терапиясы»**

Қазыбаева Ж.Б.
Карагулова Н.А

Қандыағаш қаласы

«Құм терапиясы» баланың танымдық эмоционалды дамуының құралы

Құм терапиясын қолданудағы мақсатым:

- 1) Бала өзін жайлы, қорғалған күйде сезініп, шығармашылық белсенділік танытатын табиғи стимулдық орта қалыптастыру.
- 2) Танымдық және психикалық процестерді дамыту: түйсікті (форманы, түсті, тұтас түйсік), есті, зейінді, қиялды, кеңістіктік түсінікті, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту.
- 3) Қиялды, көрнекі бейнелік ойлауды, сөздік-логикалық ойлауды, көрнекі іс-әрекеттік ойлауды шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды дамыту. Балаларды белсенді іс-әрекетке және зейіннің шоғырлануына тәрбиелеу.

Баланың қиялын дамытуда, өзін-өзі дамытуда қазіргі замандағы жаңа технологияның ерекше түрі-бұл құм терапиясы. Құммен жұмыс жасау баланы ашуға тез берілуден, жылауықтықтан, агрессиядан айықтырады және алдын-ала сақтайды.

Құм-таңғажайып керемет материал. Құм әр түрлі болады. Жеңіл және құрғақ, ауыр және сулы, ол әр түрге ыңғайланады. Бірақ бұл құмнан жасалған фигураларда шашылып, тіл алмай қоюы да мүмкін.

Қазіргі заманның құм суретшілері құмнан портрет, пейзаждар, мультфильмдер жасайды. Құммен сурет салу техникасы қазір өте танымал. Құм өнері барлық әлемге кең таралған.

Құм терапиясы-балалар мен ересектердің эмоционалдық хал-жағдайларына оң әсер етеді, бұл баланың өзіндік дамуы үшін тамаша құрал болып табылады. Құмдағы ойындар - баланың табиғи әрекеті формаларының бір түрі. Сондықтан да біз, ересектер, құммен ойнайтын ойындарды оқыту және дамыту сабақтарында қолдана аламыз. Құмнан суреттер салып, әртүрлі оқиғаларды ойлап тауып, біз бала үшін әлдеқайда қызықты түрде оған өзіміздің біліміміз бен өмірлік тәжірибемізді, қоршаған әлемнің заңдылықтары мен оқиғаларын жеткізе аламыз.

Құм терапиясының маңыздылығы: Сөзбен айтып жеткізе алмайтын ойлаумен қобалжуларды сыртқа шығаруға көмектеседі.

Іште туындаған қиын жағдайларды, шығармашылық потенциалдарын босатады.

Құммен жұмыс жасау екі түрге бөлінеді:

- 1) Құмға сурет салу (Пескография)
- 2) Құммен емдеу (Песочная терапия)

Бала үшін әр өнердің орны ерекше болғанымен, құммен сурет салу қай жағынан да тигізер пайдасы ерекше. Құм - тек баланы өнерге баулып қана қоймай, медициналық тұрғысынан да тиер көмегі ерекше.

Құммен сурет салу тарихы

Құммен сурет салу немесе Sand-art жанры өткен ғасырдың 70-шы жылдары АҚШ-та пайда болған. Алғашқысында бұл құмдық өнер анимациялық жаңалық ретінде еңсе, кейіннен оның қолданыс аясы кеңейе түсті.

Бұл сала Қазақстанда әлі де кеңінен таралған жоқ. Әлі де білмейтін жандардың қатары жетерлік.

Құммен сурет салу - өте қызықты, сонымен қатар пайдалы өнер. Сурет салудың басқа да түрлері секілді, аталмыш өнер адамның қиялын, кеңістікті қабылдауын, есте сақтау қабілетін дамытып, әсіресе балалардың дұрыс жетілуіне, саусақтарының епті болуына әсерін тигізеді.

Құм терапиясы - ол адамның ойлау қабілетін дамытады, зейінін арттырады. Сонымен қатар, адамның жүйке жүйесін тыныштандыруға пайдасы зор. Жалпы әйнек бетіне сурет салуда құмнан өзге жарма, кофе, тұз сияқты басқа да ұсақ заттарды қолдануға болады. Саусақпен өріліп, құмның көмегімен бейнеленген бұл туындылар қазіргі кезде мол сұранысқа ие.

Бала өзін жайлы, қорғалған күйде сезініп, шығармашылық белсенділік танытатын табиғи стимулдық орта қалыптастырады және танымдық, психикалық процестерді дамытады ол түйсік (форманы, түсті, тұтас түйсік), есті, зейінді, қиялды, кеңістік түсінікті, тактильді-кинестетикалық сезімділік пен қолдардың ұсақ моторикасын дамиды.

Қазір құммен сурет салу өнері өте көп. Бұл тек қана қызықты іс емес, ол балаларға өз әлемін ашуға көмектеседі. Құммен сурет салу көркем эстетиканы дамытуға көмектеседі. Ол ұсақ қол моторикасын, пластику, координацияны, танымдық процестерді жақсы дамытады. Бала үшін құм терапиясы - өзін танытуға мүмкіндік. Су, құм, жануарлардың мүсіндері, заттар балалардың кейде сөзбен айтып жеткізе алмай ашылуына көмектеседі және сезімдерін білдіруге ықпал етеді.

Құм терапиясы баланың ішкі күйзелісінен арылуға, өзін ретке келтіруге көмектеседі. Құм терапиясының сеанстары толық еркіндікті және қорғаншылықты береді.

Құм терапиясы бұл шын мәнінде ойын. Себебі бұл ойын балаларға қатарластарымен және сыртқы әлеммен қарым-қатынасты орнатуды, өз сезімдерін білдіруге көмектеседі.

Терапия - емдеу деген ұғымды білдіреді, ал құм терапиясы - бұл құммен емдеу, ол жерде ешқандай дәрі де қажет емес.

Құм анимациясының өзі екі түрде қолданылады. Терапия ретінде және өнер ретінде.

Терапия түрін алар болсақ, ол баланың ұсақ моторикасын ойлау қабілетін дамытады. Баланы әсемдікке, әдемілікке үйретеді. Баланың шығармашылығын тереңдетеді. Өз ойын толыққанды жеткізе алуына кеңінен мүмкіндік береді. Қазіргі таңда бір орында отыра алмайтын гиперактивті балалар көп. Баланы нақты нәтижеге жұмыс жасап, тиімділікке баулиды.

Іс-әрекет қызметін ұйымдастыру бойынша ережелер (Ережелер)

Құммен жұмыс жасамас бұрын, балалармен құммен жұмыс істеу кезінде мінез-құлық ережелерін қайталау керек:

1. Құм жәшігінен құмды шашуға болмайды.
2. Құмды бір-біріне лақтыруға немесе құмды аузыға салуға болмайды.
3. Құм тұратын шыны қораптың түбіне сызат түсіретін заттар мен материалдарды пайдалануға тыйым салу керек.
4. Ойыннан кейін барлық ойыншықтарды орындарынан алып тастау керек.
5. Балалар өте мұқият жұмыс істесе де, құм үстелге немесе еденге шашылуы мүмкін. Мұндай жағдайларда балалар еденді өз бетімен сүртіп, құмды қокыс жинағышқа жинауы керек. Құмды мезгіл-мезгіл тазалап отыру керек. Құммен ойнағанға дейін және одан кейін қолды жуу керек.

Негізгі қарсы көрсеткіштер:

Құммен жұмыс істеу кезінде қарсы көрсеткіштер бар. Мұндай әрекетке эпилепсия немесе шизофрения аурулары бар балаларды, егер демікпе немесе шап мен ұсақ бөлшектерге аллергия болса, сондай-ақ қолдарда тері аурулары мен кесулер болса, тарту қажет емес.

- Құммен құмсалғыш жұмыс істеуге арналған жабдық
- Құм жәшігі немесе (50x70x8)
- Құм кварц немесе қарапайым, бірақ міндетті түрде електен өткізіліп, пеште кальцийленген
- Миниатюралық фигуралар жиынтығы
- Құмға арналған щетка мен қалақ

Құм терапиясының маңыздылығы:

- Сөзбен айтып жеткізе алмайтын ойлаумен қобалжуларды сыртқа шығаруға көмектеседі.
- Іште туындаған қиын жағдайларды, шығармашылық потенциалдарын босатады.

Құм терапиясын 3 жастағы балалармен бастауға болады. Кейбір адамдар бұл әдісті психоанализге әкеледі деп ойлайды, бірақ терапияның еркін әдісі екені көрсетіледі.

Мысалы: Көгілдір түсті құмзар, онда бала мен ересек бірлесе ойнайды. Ойында ойыншықтар қолданылады.

Балабақшада тәрбиеші болып жұмыс істеу барысында байқағаным балалардың байланыстырып сөйлеуі және сөздік қорларының кемшіліктері басым болуда. Осымен қатар оларда сөйлеу тілі өте төмен дамыған олар агрессивті, бір-біріне қайрымды болмауы және бір-біріне мейірімділік шыдамдылық танытпауы басым.

Балаларға ата-анасымен тікелей қарым-қатынасын компьютер мен теледидар алмастырады. Осындай келеңсіздіктердің нәтижесі балалардың тез және жиі шаршайтындықтары, сабаққа деген қызығушылықтарының төмендеуі, байланыстырып сөйлеуін және сөздік қорларының аздығын болдырады, коммуникативтік дағдыларының дамуын тоқтады. Тәрбиешіге түрлі мінездегі балалармен жұмыс істеуге тура келеді. Осы жұмыстарды шешудің бірден-бір жолы «Құм терапиясы».

Сурет салу мен құммен сурет салудың айырмашылығы

Сурет салу өнері мен құм өнерінің ең басты айырмашылығы ол-сезіну болып табылады. Яғни, балапандарымыз тек құмның көмегімен берілген тапсырманы орындап қана қоймай, ең бастысы ұсақ және ірі қол моторикасын дамытады. Ойлау, қиял, зейін, есті факторы жұмыс атқара отырып дами түседі. Танымдық және психикалық процестер баланы өзін жайлы сезіндіріп шығармашылық белсенділігін арттырады.

Құммен сурет салу үшін аса бір өнерді қажет етпейді. Кез-келген бала сурет сала алмаса да, құммен сурет салу үшін еш қиналмайды. Құммен сурет салу ең жеңіл, әрі бала үшін де, ересек үшін де барлық жағынан ыңғайлы.

Құммен сурет салу жас талғамайды. Қалаған адам өзінің ойындағы ойларын және сезімін құммен сурет салу арқылы ұштап, сергіп алуына болады. Не болмаса профессионалды тұрғыда құм терапиясы дейміз, құм өнерімен айналыса алады.

Құммен сурет салуда әр адам тынығып, демалып қалады. Бұл жүз пайыз практикалы түрде дәлелденген.

Баланың құммен ойнаудағы тағы бір пайдасы-бала өзі туралы айтудың, эмоциялық күйзелісін құм арқылы көрсете біледі, ішкі дүниесін сыртқа шығара алады.

Құмдағы ойындардың негізгі принциптері:

1) Шығармашылық белсенділік таныта отырып, бала өзін ыңғайлы, әрі қорғалған күйде сезінетін табиғи ынталандыратын орта жасау

Бұл үшін біз баланың мүмкіншіліктеріне сәйкес келетін тапсырмаларды тандаймыз.

2) Ертегі түріндегі ойындардың кейіпкерлерімен бірге әртүрлі жағдаяттарды ойнау, шынайы «бірге тұру».

Құм-өте ұсақ ақ түсті,сары,қоңыр,сұры,қызыл түсті болады.Құм бала үшін магнит сияқты,өзіне тартымды зат.Бала құмды не екенін сезінгенше қолдары сарай,қоршау т.б.жасай бастайды.Құмдағы ойындар-баланың табиғи әрекетті формаларының бір түрі.Балалар құммен ойнағанды өте жақсы көреді. Жазғы маусымда балалар шаршамастан бірнеше ай бойы құмзарда «енбектенеді»: түрлі кең сарайларды жасап, түрлі тоқаштар «қуырып», тортарды жасайды. Құм балалардың өзара түсінушіліктерін табуға көмектеседі. Құм агрессиялық қуатты шешеді, сондықтан құмзарда ойнап отырған барлық балалар бірге ойын жоспарлап, оны жүзеге асырады. Балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауға мүмкіндігі туады да, ол тілдік және коммуникативті дамуына жағымды әсерін тигізеді.

1)«Сәлеметсің бе, құм!»

Мақсаты:Психофизикалық қауырттықты төмендету.

Жабдық: Құмжәшік

Ойын барысы: Тәрбиеші әр түрлі «құммен сәлемдесуді» өтінеді, яғни әр түрлі әдістермен құмға қол тигізу. Бала:

- кезекпен қолының саусақтарымен құмға қол тигізеді, содан соң екінші қолымен, содан барлық саусақтарымен бір мезгілде қол тигізеді;
- жеңіл/ қауырттылықпен құммен жұдырықтарын қысады, содан соң баяу оны құмжәшікке төгеді;
- құмға бар алақанымен ішкі, содан соң сыртқы жақтарымен жанасады;
- құмды саусақтары, алақандары арасымен укалайды.

Соңғы жағдайда құмға кішкене ойыншықты тығып қоюға болады:

«Сенімен құм тұрғындарының бірі сәлемдескісі келеді – ...»

Үлкен балалар өз сезімдерін салыстырып және сипаттайды: «жылы – суық», «жағымды – жағымсыз», «тікенді – кедірлі» және т.б.

2)«Құмдағы өрнектер»

Мақсаты: Көз қозғалысын, жіктелу үрдісін, қиялын дамыту.

Жабдықтар: Құмжәшік, миниатюрлы қалыптар.

Дымқыл құмда өрнектер, жолақтар анық көрінеді, оларды жіктеу ойындарында пайдалануға болады. Мысалы, толқынды жол бойымен адамдар жүреді, түзу жолмен машиналар жүреді, ал дуалда құстар отырады -- -бала қажетті қалыпты немесе суретті таңдап және көрсетілген жолаққа қояды.Соңында «Кім, қайда, не үшін және болды?», сюжетті дамытып және шағын ертегі шығару.

Дымқыл құмда анық жүздерді салуға болады. балаларды адам сезімін: қуаныш, мұң, ашу, қорқыныш, таңдануды графикалық белгілеуге үйрету.

3)«Құмды құрылысшылар»

Мақсаты: кеңістік ұғымын бекіту,есту және көру жадысын дамыту.

Жабдықтар: Құмжәшік, шағын қалыптар.

Ойын барысы: Тәрбиеші-Құм әлемінің тұрғындары сені,оларға үй салуға көмектесуін сұрайды. Бастапқыда құмда осы немесе басқа үй қайда салынатынын белгілеу қажет.

Құм-өте ұсақ ақ түсті,сары,қоңыр,сұры,қызыл түсті болады.Құм бала үшін магнит сияқты,өзіне тартымды зат.Бала құмды не екенін сезінгенше қолдары сарай,қоршау т.б.жасай бастайды.Құмдағы ойындар-баланың табиғи әрекетті формаларының бір түрі.Балалар құммен ойнағанды өте жақсы көреді. Жазғы маусымда балалар шаршамастан бірнеше ай бойы құмзарда «енбектенеді»: түрлі кең сарайларды жасап, түрлі тоқаштар «қуырып», торттарды жасайды. Құм балалардың өзара түсінушіліктерін табуға көмектеседі. Құм агрессиялық қуатты шешеді, сондықтан құмзарда ойнап отырған барлық балалар бірге ойын жоспарлап, оны жүзеге асырады. Балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауға мүмкіндігі туады да, ол тілдік және коммуникативті дамуына жағымды әсерін тигізеді.

1)«Сәлеметсің бе, құм!»

Мақсаты:Психофизикалық қауырттықты төмендету.

Жабдық: Құмжәшік

Ойын барысы: Тәрбиеші әр түрлі «құммен сәлемдесуді» өтінеді, яғни әр түрлі әдістермен құмға қол тигізу. Бала:

- кезекпен қолының саусақтарымен құмға қол тигізеді, содан соң екінші қолымен, содан барлық саусақтарымен бір мезгілде қол тигізеді;
- жеңіл/ қауырттылықпен құммен жұдырықтарын қысады, содан соң баяу оны құмжәшікке төгеді;
- құмға бар алақанымен ішкі, содан соң сыртқы жақтарымен жайнасады;
- құмды саусақтары, алақандары арасымен уқалайды.

Соңғы жағдайда құмға кішкене ойыншықты тығып қоюға болады:

«Сенімен құм тұрғындарының бірі сәлемдескісі келеді – ...»

Үлкен балалар өз сезімдерін салыстырып және сипаттайды: «жылы – суық», «жағымды – жағымсыз», «тікенді – кедірлі» және т.б.

2)«Құмдағы өрнектер»

Мақсаты: Көз қозғалысын, жіктелу үрдісін, қиялын дамыту.

Жабдықтар: Құмжәшік, миниатюрлы қалыптар.

Дымкыл құмда өрнектер, жолақтар анық көрінеді, оларды жіктеу ойындарында пайдалануға болады. Мысалы, толқынды жол бойымен адамдар жүреді, түзу жолмен машиналар жүреді, ал дуалда құстар отырады -- -бала қажетті қалыпты немесе суретті таңдап және көрсетілген жолаққа қояды.Соңында «Кім, қайда, не үшін және болды?», сюжетті дамытып және шағын ертегі шығару.

Дымкыл құмда анық жүздерді салуға болады. балаларды адам сезімін: қуаныш, мұң, ашу, қорқыныш, таңдануды графикалық белгілеуге үйрету.

3)«Құмды құрылысшылар»

Мақсаты: кеңістік ұғымын бекіту,есту және көру жадысын дамыту.

Жабдықтар: Құмжәшік, шағын қалыптар.

Ойын барысы: Тәрбиеші-Құм әлемінің тұрғындары сені,оларға үй салуға көмектесуін сұрайды. Бастапқыда құмда осы немесе басқа үй қайда салынатынын белгілеу қажет.

Мысалы, бауырсақ дөңгелек пішінді үйді, жираф тік бұрышты, ал қой төрт бұрышты үйде тұрғысы келеді. Құм тұрғындарына көмектес. Жоғары оң жақ бұрышта қой тұратын болады. Керекті қалыпты тандап алып және таңба жаса. Осылай ересек адам балаға құмжәшіктің барлық тұрғындарын қоныстандыруға тапсырма береді. Тапсырманы көп кейіпкерлер санын енгізу жолымен күрделендіруге болады. ересек адамның салған жоспары бойынша ойыншықтарды қоныстандыру.

Құм ойындары

Қыстың суық күндерін де сыртқа шығу мүмкін болмаған жағдайда балалармен құммен ойнайтын түрлі ойындар ұйымдастыруға болады.

Ойын түрлері:

- 1.«Ненің ізі»
- 2.«Келесіге бер»
- 3.«Сезімтал алақандар»
- 4.Еркін ойындар»

Бала тәрбиесінің басты ошағы отбасы десек, құм терапиясының маңыздылығы балабақша мен отбасы арасындағы қарым-қатынастың болуына үлкен үлес қосады. Бала құммен ойынды тек балабақшада ғана ойнап қана қоймай, үйге барғанда да сол ойынды жалғастырады. Осы орайда балабақша мен ата-ананың байланысын нығайту барысында ата-аналарға үйге төмендегідей тапсырмалар беріп отырамыз.

Ұсақ моториканы дамыту жаттығулары:

- 1.«Коктейль трубочкалары»
- 2.«Моншактар»
- 3.«Фасольды теру»
- 4.«Жіпті орау»
- 5.Сусымалы заттарды сапыру

Құм терапиясы арқылы баланың мынадай күзiреттiлiктерiн дамытуға болады:

- Шығармашылық
- Танымдық
- Интеллектуалдық
- Қарым-қатынас

Құмзар ойындарды, жаттығуларды пайдалану балалардың эмоциясын, шығармашылығын, зейiндерiн, кaбiлеттерiн дұрыс көзқарастарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Қорытынды:

Қорыта айтқанда «Құм терапиясының» негізін қалаушы Карл Густав Юнг «Қиялдау-ол барлық мүмкіндіктердің анасы, онда қарама-карсы сыртқы және ішкі дүние бірге қосылады» деген.

Демек бала қиялындағы сөзбен айтып жеткізе алмайтын дүниесін құмға түсіре алатындығына көзіміз жетті.

Педагогикалық процестің негізгі бағыты әрбір жеке тұлғаның мәдениетін тәрбиелеу, әрбір баланың жеке дара ерекшелігін ескере отырып, қойылған міндеттерді іске асыруда жеке тұлғаны жан-жақты етіп қалыптастыру шешімін табады. Заманауи инновациялық әдістерді мектеп жасына дейінгі балалардың дамуында қолдану арқылы, балаларды шаршатпай, жалықтырмай, жан-жақты дамуына «Құм терапиясының» тигізер үлесі өте зор.

«Құм терапиясы» баланың танымдық эмоционалды дамуының құралы» вариативті компонентіне арналған перспективалық жоспары

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
1	«Сәлеметсің бе, құм!»	Психофизикалық қауырттықты төмендету Жабдық: Құм жәшік Ойын барысы: Педагог әр түрлі «құммен сәлемдесуді» өтінеді, яғни әр түрлі әдістермен құмға қол тигізу. Бала: • кезекпен қолының саусақтарымен құмға қол тигізеді, содан соң екінші қолымен, содан барлық саусақтарымен бір мезгілде қол тигізеді ; • жеңіл/ қауырттылықпен құммен жұдырықтарын қысады, содан соң баяу оны құм жәшікке төгеді; • құмға бар алақанымен- ішкі, содан соң сыртқы жақтарымен жанасады; • құмды саусақтары, алақандары арасымен уқалайды. Соңғы жағдайда құмға кішкене ойыншықты тығып қояуға болады: «Сенімен құм тұрғындарының бірі сәлемдескісі келеді - ...» Үлкен балалар өз сезімдерін салыстырып және сипаттайды: «жылы-суық», «жағымды-жағымсыз», «тікенді, кедірлі» және т.б.	2
2	Құмды жауын	Бұлшық ет күшін реттеу, босансу Жабдықтар: Құм жәшік. Ойын барысы: Педагог: ертегі әлемінде ерекше құм жауыны жауып және құм желі есуі мүмкін. Бұл өте жағымды. Сендер өздерің осындай жауын мен желді істеулеріңе болады. Қараңдар, бұл қалай болады. Бала жайлап, содан соң жылдам құмды өз жұмырдығынан құмжәшікке ересектердің алақанына, өз алақанына шашады. Бала көзін жауып және құмға саусақтарын ашып алақанын қояды, ересек адам қандай да бір сауасағына құм себеді, ал бала осы саусақты атайды. Содан соң олар рөлдерімен ауысады.	2
3	«Шарикті тап» ойыны	Заттардың сапасымен-көлемі, пішінімен танысу. Мазмұны: Тәрбиеші құмға кішкене шарикті көміп және баладан оны табуын өтінеді. Алғашында шарикті баланың көзінше көму керек, содан соң ол ересек адамның іс-әрекетін көрмеуі қажет. Бірте-бірте міндетті күрделендіріп, тәрбиеші екі затты көмеді, мысалы шарик және текше.	2

		содан соң текшені тап деп өтінеді. Бір пішінді заттарды көмуге болады, бірақ әр түрлі көлемде.	
4	Құмды жел	Дем алу –дем шығаруды қалыптастыру. Жабдықтар: Құмжәшік, коктейль үшін түтікше. Ойын барысы: Сәбилер оған құмды тартпай, түтікше арқылы демалуға үйренеді. Ересек балаларға алдымен өз достарына жағымды тілектер айтуын ұсынуға болады, «оны құмға үрлеп » құм әлеміне тілек сыйлау, сонымен бірге құм үстінде шұңқырды пайда болғанша үрлеу. Осы ойындарға коктейльге арналған бір рет пайдаланатын түтікшелерді қолдануға болады. Осы жаттығуларды хош иіс терапиясымен құрамдастыруға болады (бірақ хош иіс терапиясын осы бағытта арнайы дайындықтан өткен психологтар пайдалануға құқығы бар). Бала өзіне арнайы таңдалған хош иіс қоспасы (сергітетін немесе босаңсытатын) иісімен дем алады. Бала демді сыртқа шығарғанда өз алақанындағы құмға жеңіл үрлейді, ондағы құмды құмжәшікке үрлеуде.	2
5	Ерекше іздер	Елес, тактикалық сезімталдықты дамыту. Жабдықтар: Құмжәшік . Ойын барысы: «Қонжықтар келе жатыр» — бала жұмырдықтарымен және алақандарымен күшпен құмға басады. «Қояндар секіреді» — бала әр түрлі бағыттарда қоғала отырып, саусақтарының ұшымен құм үстінен соғады. «Жыландар жорғалайды» — бала босаңсыған/ тырысқан қол саусақтарымен құм үстін толқынды етеді (әр түрлі бағытта). «Қоныздар - өрмекшілер жүгіруде» — бала жәндіктердің қозғалысын ұқсастырып, барлық саусақтарымен қоғалтады («қоныздар сәлемдесуде»- құм астында бір-бірінің қолдарымен кездестіріп, қолдарын толығымен құмға салуға болады). «Кроказябла» — балалар құмда әр түрлі іздер қалдырады, осындай із қалдырған фантастикалық хайуан үшін есім ойлап табады (соңында осы хайуанның суретін салып және құм елінің тұрғыны етуге болады).	2
6	Тышқандардың құпиялы тапсырмалары	Тактильді сезімталдық дамыту, сергу, қызығушылықты белсендендіру. Жабдықтар: Құмжәшік. Баланы алдын ала жер астында өмір сүретін жануармен таныстыру қажет. Ойын барысы: Педагог. Бүгін біздің қолдарымыз тышқандарға айнала алады. Осылай. (Ересек адам қолын көтеріп және оларды «үйрек тәрізді» жинайды, балаға саусақ сүйектерімен салынған көз, мұрын және екі тісті көрсетеді.) Өз қолдарыңды тышқандарға айналдырғын келе ме? Менің тышқаным жер астында маңызды тапсырманы орындауға көмектесу қажет. (Баланың тілегі бойынша ересек адам оның саусақ буындарында мұқият мұрын және көздерін салады). Ал, енді құмға батырамыз? Қара және менің тышқаным сияқты жаса.	2

		Ересек адам бір қолын құмға салады, құмның астында оны қозғалтады (баланың назарын құмның үстіндегі өзгеріске аударады), содан соң әр саусақтарын абайлап қазып алады. Содан соң сол әрекетті баламен жасайды. Содан кейін олар бір-бірінің қолын қазып алады (құмға үрлеуге болады, қанат, таяқшалар, қылқаламдарды пайдалануға болады). Нұсқа: Барлық іс-әрекетті жабық көзбен іске асыру — құмда бір—бірінің саусақтарын іздеп, оларды қысу (тышқандар жайлап сәлемдеседі немесе күшпен бір-бірінің аяқтарын қысады).	
7	Құмдағы жасырынбақ	Тактильді сезімталдықты дамыту, көру, шығармашылық ойлау, еркіндік. Жабдықтар: Құмжәшік, суреттер, ертегі кейіпкерлері, миниатюрлы мүсіншелер. Ойын барысы: Бірінші нұсқа Педагог. Ойыншықтар сенімен құмды жасырынбақ ойнағысы келеді. Өзіңе ұнаған ойыншықты таңдап ал. Сен көзінді жұмасың, олар құмға жасырынады, содан соң мен : «Көз ашылады, ойын басталады» деп айтамын, сен оларды құманнан табуың қажет. Сен құмды үрлеуіңе, саусақтарыңмен қазуға, таяқшалар, қылқаламдарды пайдалануыңа болады. Ойынды әр түрлі етуде, ересек адам балаға ойыншық — «минаны» көрсетеді, оны толығымен қазып алуға болмайды. Қазу барысында оның бөлігі құм үстінде көрінгенде, бала қазуын тоқтатып және оны басқа жерден жалғастыру қажет. Егер бала ережені ұмытқан болса, ойын айппұлын жасайтын болады, сондықтан ол ойыншықтарды мұқияты қазуы тиіс.	2
8	Дымқыл құм үстіндегі ойындар	«Құрғақ және дымқыл құмның құпиясы» Бала құрғақ құм қасиетін және онымен ойынды білгені жөн. Педагог. Біздің құмжәшікте кейде жауын жауады, нағыз өзен және көлдер пайда болады. Бұл қалай болатынын көргілерің келе ме? Ересек адам құмжәшіктегі құмды екі бөлікке бөледі және балаға құмды дымқылдату тәсілін көрсетеді: «Бұлақша ағады» — ересек адам құмның бір бөлігіне құмырадан су құяды. «Жауын сіркіреп тұр» — құмның екінші бөлігін бүріккішпен дымқылдандырады. Ересек адам балалардың назарын дымқыл құмның иісі мен өзгерген түсіне аударады. Содан соң бала өзігінен құмды дымқылдандырады (су құмды суландырып жібермейтіндей болуы қажет). Педагог. Дымқыл құммен сәлемдесейік. Онымен сендер ғажайып ойындар ойнай аласыңдар- сендер сиқырлы-кұрылысшыларға айналасыздар. Содан кейін құрғақ құммен жасалған жаттығулар өткізіледі: «Сәлем құм» және «Ерекше іздер». «Күзен-	2

		төбелер» ойыны Бала әр саусағымен кезекпен, содан соң бар саусақтарымен құмда тесіктер жасайды — тыпқан үшін үй, төбелер жапсырады — тасбақалар үшін үй.	
9	Құмды құрылысшылар	Кеңістік ұғымымен бекіту, есту және қору жадысын дамыту. Жабдықтар: Құмжәшік, шағын қалыптар. Ойын барысы: Педагог. Құм әлемінің тұрғындары сені оларға үй салуға көмектесуін сұрайды. Бастапқыда құмда осы немесе басқа үй қайда салынатынын белгілеу қажет. Мысалы, бауырсақ дөңгелек пішінді үйді, жираф-тік бұрышты, ал бегемот төрт бұрышты үйде тұрғысы келеді. Құм тұрғындарына көмектес. Жоғары оң жақ бұрышта бегемотик тұратын болады. Керекті қалыпты таңдап алып және таңба жаса. Осылай ересек адам балаға құмжәшіктің барлық тұрғындарын қоныстандыруға тапсырма береді. Тапсырманы көп кейіпкерлер санын енгізу жолымен күрделендіруге болады, ересек адамның салған жоспары бойынша ойыншықтарды қоныстандыру.	2
10	Құмды шеңбер	Зандылықты орнату, сенсорлық эталон туралы білімді бекіту. Жабдықтар: Құм жәшік. Ойын барысы: Бала құмда әр түрлі тәсілде шеңбер суретін салады және оны әр түрлі заттармен: тастар, тұқымдармен, түймелермен, тиындармен, моншақтармен безендіреді. Бала өз «құмды шеңберіне» ат қоюына болады. Сонымен бірге осындай амалды ол өз алақаны таңбасымен жасай алады, мұнда әр саусақ туралы аңыз шығаруына болады: «Бұрын ол кім болды, ол қазір кім, болашақта ол кім болады».	2
11	Ашуды жеңуші	Балаларда эмоционалды ренді тұрақтандыру; ашуды басқара білуді қалыптастыру, деструктивті тәртіп үшін жаза қаупінен қорықпауы. Жабдықтар: Құмжәшік. Ойын барысы: Педагог. Бүгін біз көңіл-күй жайында сөйлесеміз. Сен де ол қандай болады? Сен ашуланғанда, ызаланғанда сенімен не болады? Сен ашуланғанда ересектер не айтады және не істейді? (Баланың жауабы.) Сенің жағымсыз көңіл-күйің саған әр түрлі нәрселерді айтуға және істеуге мәжбүрлейді, олардан ересектер ашуланып және ренжейді. Ашу кеткен соң, саған жағымсыз немесе жабырқаңқы болады. Саған кұпия ашайын — үлкен және кішкентай адам ашулануға құқығы бар. Басқаларды ренжетпеу үшін бізді «дұрыс ашулануға» үйрететін көп ойындар бар. Осындай бір ойынды саған құм сыйлайды. Қара, құмның көмегімен өз ашуыңды мүсіндеп және көруге болады, содан соң оны жеңу. (Баланың қауыртылығы жоғары болса, онда оған күшпен құмды қысуды ұсыну қажет, құмның үстін жұмырдықпен нығыздау және басқалар.) Ересек үлгісінде бала дымқыл құмнан шар жасайды, онда	2

		ойық белгілейді немесе көз, мұрын, ауыз суретін сатады : «Мұна шарда енді сенің ашуың тұрады». Мұндай үрдіс уақытша баланы басқаға көңілін аударады, сонымен бала мүсінделген шарға өзінің жағымсыз сезімдерін «жайсыз іс-әрекет, ой, сезімді» және кінәсін аударады. Ересек мектепке дейінгі бала «ашушаң шар» бар дайындау үрдісін баяндауға болады, оған соңында барлық ашу ойларды және іс-әрекеттерді меншіктейді.	
12	Тышқан үшін ін	Ойлау, моторикасын дамыту. Жабдықтар: Құмжәшік, кішкентай қалыптар , күрекше. Ойын барысы: Бала ересекпен қолымен немесе күрекшемен шағын шұңқырлар қазады. Содан соң педагог ойыншықпен құрылысты ойынға айналдырады. Мысалы, педагог ойыншық тышқанды қолына алып оның шиқылын ұқсатады. Содан соң оның "тышқаны" әр інге кіріп және оған тамаша үйшік жасағаны үшін оны мадақтайды. Үйшіктерді басқа да ойыншықтар үшін - қояндар, түлкілер, қонжықтар және басқалар жасауға болады.	2
13	Мен пісіремін, пісіремін	Ойлау, қозғалысты дамыту. Жабдықтар: Құмжәшік, қалыптар жиынтығы. Ойын барысы: Бала құмнан әр түрлі өнімдер (тоқаштар, самсалар, тортиктер) "пісіреді". Ол үшін бала әр түрлі қалыптарды пайдалана алады, оған құм сеуіп, қолмен немесе күрекшемен нығыздайды. Дымқыл құмды бір алақаннан басқа алақанға салып, самсаларды қолмен де "пісіруге" болады. Содан соң бала самсамен анасын, әкесін, қуыршақтарды "тамақтандырады".	2
14	Дуалдар	Ойлауды, қозғалысты дамыту. Жабдықтар: Құмжәшік, миниатюрлы қалыптар, тастар. Ойын барысы: Бала қолымен айналдыра дуалдарды мүсіндейді. Осындай дуалда зұлым сұр қасқырдан қоянды жасыруға болады. "Құмдағы ғажайып таңбалар" Педагог және бала дымқыл құмда өз қолдарының және аяқтарының таңбаларын қалдырады, содан соң көңілді әлпет, балықтар, сегіз аяқтар, құстар және т.б. болуы үшін олардың суретін толықтырады немесе тастармен толықтырады.	2
15	Түрлі түсті құмдардан пішіндер	Ойлау, қозғалысты дамыту. Жабдықтар: Құмжәшік, қалыптар жиынтығы. Ойын барысы: Бала құмнан әр түрлі пішіндер жасайды. Ол үшін бала әр түрлі қалыптарды пайдалана алады, оған құм сеуіп, қолмен немесе күрекшемен нығыздайды. Дымқыл құмды бір алақаннан басқа алақанға салып пішіндер жасау. Содан соң бала әр түрлі пішіндерден машина үйшік жасайды.	2
16	Құм үстіндегі сурет	Құм бетіне сурет салу арқылы бала ашуын басады. Сенің жағымсыз көңіл –күйің саған әр түрлі нәрселерді айтуға және істеуге мәжбүрлейді, олардан ересектер ашуланып және ренжейді. Ашу кеткен соң саған жағымсыз немесе жабырқаңқы болады. Саған құпия	2

		ашайын-үлкен және кішкентай адам ашулануға құқығы бар. Басқаларды ренжетпеу үшін бізді «дұрыс ашулануға» үйрететін көп ойындар бар. Осындай бір ойынды саған құм сыйлайды. Қара, құмның көмегімен өз ашуынды мүсіндеп және көруге болады, содан соң оны жеңу. (Баланың қауыртылығы жоғары болса, онда оған күшпен құмды қысуды ұсыну қажет, құмның үстін жұмырдықпен нығыздау және басқалар.) Ересек үлгісінде бала дымқыл құмнан шар жасайды, онда ойық белгілейді немесе көз, мұрын, ауыз суретін салады: «Мұна шарда енді сенің ашуың тұрады». Мұндай үрдіс уақытша баланы басқаға көңілін аударады, сонымен бала мүсінделген шарға өзінің жағымсыз сезімдерін «жайсыз іс-әрекет, ой, сезімді» және кінәсін аударады. Ересек мектепке дейінгі бала «ашушаң шар» бар дайындау үрдісін баяндауға болады, оған соңында барлық ашу ойларды және іс-әрекеттерді меншіктейді.	
17	Құмдағы жасырынбақ	Ойын үшін әр түрлі ертегілерден суреттер және ертегі кейіпкерлерінің суреттері болуы қажет, оларды өздігінен дайындауға болады, балалар кітапшаларынан әдемі суреттерді жапсырмамен орау қажет. Балалармен ойын ойнау үшін нақты бейнелермен түрлі-түсті суреттер пайдаланылады (бастапқы кезеңде — қабылдау үшін бір заттың суреті бейнеленген қарапайым суреттер). Іздену белсенділігін дамыту үшін бейнені біртіндеп қиындату қажет. Осылай, ересек мектепке дейінгі балалар үшін бейнелеу ақ пен қара, бейнелі болуы мүмкін. Алдын ала ересек адам баламен жақсы көретін ертегілер және ертегі кейіпкерлері туралы, әр түрлі кейіпкерлерге жағымды және жағымсыз қатысы себебі туралы сөйлеседі. Педагог. Құмда ертегі және ертегі кейіпкерлері жасырынғанды ұнатады. Олармен құмда жасырынбақ ойнайық. Көзінді жұмып және сиқырлы сөздерді: «Бір, екі, үш ертегі кел» айт. (Ересек адам құмға балаға жақсы таныс ертегінің суретін көмеді. Балалар үшін суреттің шетін сәл көрсетіп қояды.) Қылқаламды алып және құмнан осы ертегіні ізде. Ертегіні шошытып алмау үшін оны ақырын, мұқият қазатын бол. Сен құмнан суреттің жартысын тазалап алдың: сен қалай ойлайсың, бұл қай ертегі?	2
18	Еркін ойындар	Ойын түрлері «Келесіге бер», «Сезімтал алақандар». Ұсақ моториканы дамыту «Моншақтар», «Фасольды теру», «Жіпті орау», «Өлше де сана»	2